

Қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттамалар беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 19 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 48-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.10.2024 № 852 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттамалар беру қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Жүзу құралдарының, мұз үстімен жүретін құралдардың орналасқан жерінен сапарға шығуына (шығарылуына) құжаттар ресімдеудің тәртібі және тоқтамаларды, айлақтар мен жүзу құралдарының, мұз үстімен жүретін құралдардың орналасқан пункттерін жабдықтау тәртібі туралы нұсқама мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі шекаралық режимнің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы № 20 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., № 1, 8-құжат);

2) "Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық рейстердің жолаушыларына қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 шілдедегі № 1132 қаулысына қосымшаның 2-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 31, 383-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Қазақстандық шағын көлемді өндірінен жүзетін және өндірінен жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттамалар беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.01.2019 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.10.2024 № 852 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Қазақстандық шағын көлемді өндірінен жүзетін және өндірінен жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттамалар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) қазақстандық өндірінен жүзетін және өндірінен жүзбейтін (суүсті және суасты) және мұз үстімен жылжитын құралдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларында уақытша пайдаланылатын шетелдік өндірінен жүзетін және өндірінен жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің (бұдан әрі – Шекара қызметі) рұқсаттамалар (бұдан әрі – рұқсаттама) беру тәртібін айқындайды.

2. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – бастамашылар) порттан (орналасу пунктінен) шыққанда, Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында болған кезде және қазақстандық өндірінен жүзетін және өндірінен жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелерде (құралдарда) және мұз үстімен жылжитын құралдарда портқа (орналасу пунктіне) оралған кезде Шекара қызметі өкілдерінің талабы бойынша Шекара қызметі берген рұқсаттамаларын және жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру үшін береді.

3. Шекара қызметі шекаралық кеңістікте іздеу іс-шараларын жүргізу кезінде рұқсаттамаларға шектеулер қоюға немесе қолданысын уақытша тоқтата тұруға құқылы, ол туралы мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды хабардар етеді.

2-тарау. Рұқсаттама беру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.10.2024 № 852 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Бастамашылар рұқсаттамалар алу үшін электронды форматта, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) Шекара қызметіне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша адамдар тізімін қоса бере отырып, қазақстандық шағын көлемді өндірісінен жүзетін және өндірісінен жүзбейтін (сууісті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттамалар алуға ұсыну (бұдан әрі – ұсыну);

2) аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру немесе өзге де қызметті жүргізуге тиісті уәкілетті органдардың рұқсат беру құжаттарының көшірмелері.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.10.2024 № 852 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Аумақтық суларда (теңізде) теңіздегі ғылыми зерттеулер және (немесе) іздестіру қызметін жүргізуге ниеттенген мемлекеттік органдар және ұйымдар портал арқылы Шекара қызметіне ұсынулар енгізген кезде:

1) жобаның сипаты және мақсаты;

2) кемелердің атауын, типін және сыныбын қоса алғанда, пайдаланылатын әдіс пен құралдар;

3) зерттеу жүргізетін кемелер келетін және кететін немесе тиісті жағдайларда жабдықтар орналастырылатын және алып тасталатын күн;

4) жобаға жауапты ұйымның атауы, басшы немесе адам туралы толық ақпараты бар қосымша құжаттарды ұсынады.

6. Енгізілетін ұсыну Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті аумақтық бөлімшесімен үш жұмыс күні ішінде келісілуге тиіс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.10.2024 № 852 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Осы Қағидалардың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген құжаттар толық көлемде ұсынылмаған фактілер анықталған жағдайда Шекара қызметі екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынуды одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.10.2024 № 852 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Шекара қызметінің ұсынуды қарау және портал арқылы рұқсаттамаларды беру мерзімі бастамашы ұсынуды енгізген сәттен бастап он бес жұмыс күнінен аспайды.

9. Рұқсаттама беруді Шекара қызметі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық форматта портал арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.10.2024 № 852 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Рұқсаттама кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру немесе өзге де қызметті жүргізуге тиісті уәкілетті органдар рұқсатының қолданылу мерзімін ескере отырып, ұсынуда көрсетілген мерзімге беріледі, бірақ күнтізбелік бір жылдан аспауға тиіс.

Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін рұқсаттама күшін жояды.

11. Рұқсаттама жоғалған (бүлінген) жағдайда, бастамашылар Шекара қызметіне рұқсаттамаларды қайта беру туралы жазбаша өтінішхат, сондай-ақ рұқсаттамаларды жоғалту фактісі бойынша жазбаша түсініктеме береді.

Шекара қызметі үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде рұқсаттаманы қайта беруді жүзеге асырады.

12. Бастамашылардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара режимін, аумақтық сулар (теңіздер) және ішкі сулар режимін бұзуымен байланысты құқық бұзушылықтары анықталғанда, сондай-ақ уәкілетті органдар заңсыз іс-қимылдарды тоқтату шараларын қолданған жағдайда Шекара қызметі оларға берген рұқсаттамаларды алып қояды.

Қазақстандық шағын көлемді
өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (суүсті және суасты)
кемелердің (құралдардың) және
мұз үстімен жылжитын
құралдардың
Қазақстан Республикасының
аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі
суларына шығуына
рұқсаттамалар беру
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттама алуға ұсыну

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.10.2024 № 852 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

_____ аумақтық бөлімше бастығына
(начальнику территориального подразделения _____)
Ұсыну (Представление)
Теңізге шығуға рұқсаттама беруді сұраймын _____
(Прошу выдать пропуск на выход в море) _____
(занды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
(наименование юридического лица, фамилия, имя, отчество (при его наличии)
физического лица)
Мақсаты (с целью) _____
Уақыты (время) _____
_____ ауданында аумақтық суларда болу
(нахождение в территориальных водах в районе)
Жүзу құралының түрі (тип плавсредства) _____
Жүзу құралының тіркеу № (рег. № плавсредства) _____
Жүзу құралы тіркелімге алынған жер (место приписки плавсредства): _____
Қазақстан Республикасының азаматтарына (шетелдік және азаматтығы жоқ тұлғаларға)
қоса берілген тізімге сәйкес саны _____ дана рұқсаттама
(гражданам Республики Казахстан (иностранцам и лицам без гражданства) согласно
прилагаемому списку в количестве _____ экземпляров)
Ұсынуға мынадай құжаттар қоса беріледі _____
(К представлению прилагаются следующие документы)
лауазымы (должность)
колы (подпись) _____
(күні, айы, жылы) (дата, месяц, год)
М.О.

(екінші жағы)

Қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығу үшін рұқсаттамалар алуға Қазақстан Республикасы азаматтарының (шетелдіктердің, азаматтығы жоқ тұлғалардың) тізімі

Р/с №	Т.А.Ә. (бар болса)	Туған жылы, күні, айы,	Тұратын жерінің мекен жайы	Жұмыс орны, лауазымы	Жеке басын куәландыратын құжаттың №	Азаматтығы	Ескертпе
1							
2							
3							

Жиыны: _____ (

адамдардың жалпы саны – жазбаша)

Бұл ретте мынадай техникалық құралдар тартылатын болады:

Р/с №	Техникалық құралдардың атауы	Мемлекеттік тіркеу нөмірі	Капитанның Т.А.Ә. (бар болса)	Ескертпе
1				
2				

Қазақстандық шағын көлемді
өздігінен жүретін және өздігінен
жүзбейтін (суүсті және суасты)
кемелердің (құралдардың) және
мұз үстімен жылжитын
құралдардың
Қазақстан Республикасының
аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі
суларына шығуына
рұқсаттамалар беру
қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Қазақстандық кемелердің Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттама беруден бас тарту туралы хабарлама

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.10.2024 № 852 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда _____

Кімге _____

(бастамашының мекенжайы
және анықтау деректері)

Хабарлама

Сіздің 20__ жылғы "___" _____ өтінішіңізге _____ ұсынылған құжаттардың толық болмауына байланысты _____

_____ құжаттарды толық көлемде ұсынбауға байланысты Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне), ішкі суларына шығуға рұқсаттама беруден бас тартылатыны туралы хабарлаймыз

(шағын көлемді өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен қозғалу құралдарының түрі)

_____ аумақтық бөлімше бастығы

(лауазымды тұлғаның қолы, Т.А.Ә. (бар болса)

20__ жылғы "___" _____ (күні, айы, жылы)

М.О.

Қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттамалар беру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттама

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.04.2020 № 259 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҰҚСАТТАМА түбіршегінің № _____ (корешок пропуска) (выдан) _____ берілді (жителю) _____ тұрғыны 20 ____ жылы теңізге және ішкі суларға шығуға рұқсат берілген (разрешён выход в море и внутренние воды в 20__ году) Ауданның аумақтық суларында болу (нахождение в территориальных водах в районе) Жүру бағыты _____ (маршрут следования) Теңізге шығу мақсаты _____ (цель выхода в море) Шығу уақыты _____ (время выхода) Келу уақыты _____ (время пребывания) Жүзу құралының түрі _____ (тип плавсредства) Жүзу құралының тіркеу № _____ (рег. № плавсредства) Жүзу құралының тіркелімге алыну орны (место приписки плавсредства): _____ _____ Негіздеме _____ _____ (основание) Берілген күні _____ (дата выдачи) _____ ә/б " _____ " шекара бөлімшесінің бастығы (начальник пограничного отделения " _____ ") МО	РҰҚСАТТАМА № _____ (пропуск) (выдан) _____ берілді (жителю) _____ тұрғыны 20 ____ жылы теңізге және ішкі суларға шығуға рұқсат берілген (разрешён выход в море и внутренние воды в 20__ году) Аумақтық сулардан тыс ауданда болу (нахождение в территориальных водах в районе) Жүру бағыты _____ (маршрут следования) Теңізге шығу мақсаты _____ (цель выхода в море) Шығу уақыты _____ (время выхода) Келу уақыты _____ (время пребывания): Жүзу құралының түрі (тип плавсредства) Жүзу құралының тіркеу № _____ (рег. № плавсредства) Жүзу құралының тіркелімге алыну орны (место приписки плавсредства) _____ Рұқсаттама жеке басын куәландыратын құжат ұсынылған жағдайда жарамды (пропуск действителен при предъявлении документа, удостоверяющего личность) № _____ Берілген күні _____ (дата выдачи) _____ ә/б " _____ " шекара бөлімшесінің бастығы (начальник пограничного отделения " _____ ") МО
--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК